

4 Гуль В.Е. Структура и механические свойства полимеров/ В.И. Кулезнев, В.Е. Гуль. - М.: Из-во «Высшая школа», 1979. - 352 с.

5 Воробьев Д.В. Технология брошюровочно-переплетных процессов: учебник для вузов / Д.В. Воробьев, А.И. Дубасов, Ю.М. Лебедев. - М.: Из-во Книга, 1989. - 392 с.

6 Либав Д., Хайнце И. Промышленное брошюровочно-переплетное производство. - М.:

МГУП, 2007. - 422 с.

7 Воробьев Д.В. Технология послепечатных процессов: учебник для вузов / Д.В. Воробьев; М-во образования и науки РФ; Федеральное агентство по образованию, МГУП. - М.: МГУП, 2000. - 392 с.

8 Тагер А.А. Физико-химия полимеров / А.А. Тагер. - М.: Из-во «Химия», 1968. - 544 с.

Автор өз мақаласында баспа өнімдерін желімді тігінсіз бекітуді және оның қолданылуын талдайды. Желімді тігінсіз бекітудің технологиялық процесіне, желімдеудің мәнісіне, адгезияға, желімді тігінсіз бекіту үшін арналған жабдықтарға сипаттама беріледі. Сонымен қатар баспа ісінде қолданылатын желімдердің түрлері, оның ішінде поливинилацетатты дисперсия, терможелімдер, полиуретанды желімдер және олардың құрамына кіретін полимерлер, олардың физикалық және химиялық ерекшеліктері қарастырылады.

In the article the author analyzes the technology of perfect binding - common method of binding edition in printing industry at the present time. The technological processes and operations of perfect binding, technological modes of bonding process, the perfect binding machines, the nature of sticking, adhesion are analyzed in detail. Also the kinds of glues used in printing industry such as PVA dispersion, hotmelt, polyurethane adhesive and their components such as polymers, their basic physical and chemical characteristics are observed.

А. Абсеитова

«Аруна» баспасының балаларға арналған басылымдарының танымдық маңызы

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

УДК 316.77(094); 070(094)

Аңдатпа. Мақалада жас ұрпаққа білім және тәрбие берудегі Қазақстан балалар басылымдарының рөлі және проблемалары сарапталады. Ғылыми мақаланың нысаны ретінде «Аруна» баспасы өнімдерінің жанрлық және мазмұндық ерекшелігі талданады. Автор балалар басылымдарын шығару проблема-ларын шешу жолдарын көрсетеді, бүгінгі балалар басылымдарына баға беріп қана қоймай, олардың полиграфиялық сапасымен баға саясаты мәселесін де қамтиды.

Энциклопедиялық балалар әдебиеті.

Кітап мұрасы дүниежүзі халықтарының көп ғасырлық мәдениеті мен тарихын, тілі, дәстүрі мен әдет-ғұрпын бейнелеп қана қоймай, ұжымдық естеліктің басты бөлігі болып есептеледі. Осы асыл мұраларға байланысты біз бүгін көп қырлы көп ғасырлық дүние жүзілік өркениеттің даму тарихын терең зерттеп, барлық адамзаттың пайдаланған таптырмас тәжірибесін пайдалана аламыз «Аруна» баспасы 2000 жылдың мамыр айында ашылды. Баспаның ашылуына демеуші болған адамдар - Иманәлиев Бауыржан және Райымбеков Қазбек[1].

Қоғамымыз түбегейлі өзгеріп, жаңа бетбұрыс алып, жан-жақты өркендеу кезеңінде өмір сүріп

жатырмыз. Осы жағдайдың жеткіншек ұрпақтарымыздың дамуына өз үлесін қосатыны баршамамызға мәлім. Заман талабына сай кішкене бүлдіршіндеріміз ерте жетіліп, олардың сұраныстары, білім алуға деген құлшыныстары артып қана қоймай, талғампаздық қасиеттері де күн өткен сайын өсіп келеді.

Жалпы, балалардың кітапқа деген қызығушылығы ерте жастан байқалады. Ең алғаш қолдарына тиген кітаптары олардың есейген шақтарына дейін естерінде қалады. Сондықтан баланың тұңғыш рет қолына алып отырған кітабы қызғылықты, көркемсуретті, сапасы жоғары болғаны

дұрыс. Егер алғашқы кітап баланың көңілінен шықса, онда оның бала өміріне тигізетін ықпалы да мол болмақ. Мысалы, кітапты сүйеге, қадірлеуге баулып, кітап оқуға деген талпынысын арттырады.

«Аруна» баспасының ашылуына себеп-кер болған жағдайдың бірі жоғарыда айтылған мәселелер еді. Екінші себеп - балаларға арналған мағынасы және маңызы зор өзіміздің мемлекетімізде шығаратын төл кітаптардың аздығы. Ал баспаның ең басты мақсаты көркемсуретті, жоғары сапалы полиграфия үлгісіне орындалған танымды және қызғылықты, отаншылдық сезімді оятар әдеби шығармалар шығару.

Қазіргі балалар оқып жүрген кітаптардың басым көпшілігінің мазмұны ескірген және олардың сапасы бүгінгі өмір талабына сай келмейді. Ал кітап дүкендерінің көбіне көр-кемсуретті, полиграфиялық орындалу сапа-сы жоғары, бағасы тұтынушылардың ойынан шығарлық Ресей өнімдерін жиі көреміз. Бұл Қазақстанда балаларға арналған осындай сапалы кітаптар шығарумен айналысатын баспалардың жоқтығынан емес. Еліміздегі қазіргі заман талабына сай баспа жабдықтарының жетіс-пеушілігінен, қағаз өнімдерінің тапшылығынан, кітап таралымының аздығынан. Мұның бәрі өнім сапасы мен құнына кері әсерін тигізбей қоймайды.

Оқырмандар Қазақстан тарихының тақыры-бын қамтитын қазақ тіліндегі балалар әдебиетіне сусап-ақ отыр. Болған күннің өзінде олардың саны өте аз. Осы кемшіліктердің орнын тоолты-ру мақсатымен «Аруна» баспасы көркемсуретті, энциклопедиялық, қызықты балалар әдебиетін шығарып жатыр. Тарихымыз бен мәдениетімізге, ұлттық дәстүрімізбен салтымызға көңіл бөлу, балалар әдебиетін тартымды етіп шығару -баспаның алға қойған мақсаты. Кітаптардың балалардың жас ерекшеліктеріне сай, жеңіл жазылған танымдық мәтіндер мен бояуы қанық көркем суреттері бір-бірін толықтыра отырып, баспа өз өнімдерінің сапасын жоғарғы деңгейге жеткізді.

10 жылдың ішінде баспадан шыққан кітап-тардың саны 1000-ға жуық болды. Бұл үлкен жетістік. Осыншама көлемдегі кітаптар «Ару-на» баспасының көмегімен жарық көргенімен, қазіргі таңда «Аруна» баспасының жеке баспа-ханасы жоқ. Баспахана ашу қымбат тұрады. Сондықтан да кітаптарды Қазақстанда тұрақты келіскен баспаханада бастырады. Баланың тұңғыш рет қолына алып отырған кітабы қызықты,

көркемсуретті, сапасы жоғары бол-ғаны дұрыс. Алайда, өкінішке қарай, кітап, полиграфия өндірісі Қазақстанда кең жолға қойылмаған. Қағаз да, бояу да Республикамыз-да өндірілмейді. Барлығын баспа шеттен са-тып алады, ол өте қымбатқа түседі. Баспахана-ларда кітаптың өзіндік құны қымбат болатыны сондықтан. Сондықтан кейде кейбір кітаптарды Қытайда басып шығаруға тура келеді. Мұның себебі - Қытайда арзан бағаға басып шығарады және кітаптың сапа жағы да жақсы. Бірақ оның кемшілігі басылып шыққан кітаптар кеденде көп уақыт тұрып қалады және бұл көп уақытты қажет етеді. Ал «Аруна» баспасы үшін ең бас-тысы - кітаптың бағасын қымбаттатпау болып табылады.

Баспаның шығаратын кітаптары балаларға арналғандықтан, оның безендірілуі мен дизайны өте маңызды рөл атқарады. Бала жаңа акпараттың барлығын көру арқылы қабылдайды. «Аруна» баспасында *Иманалиев Бауыржан, Козлова Елена, Королек Елена* сынды суретшілер қызмет атқарып, әртүрлі идеяларды туындатып отыр. Алайда кейде авторларға қарағанда қаламақыны молдау алса да суретшілермен жұмыс істеу қиындау. Себебі, негізінен, олардың көбісі басқа ұлттың өкілі немесе қазақтардың өзі орыстілді болып келеді. Салт-дәстүрді білмейді. Қазақ баласының жандүниесін, ішкі әлемін дәл бере алмайды. Мұндай жағдайда шығармаларды орыс тіліне аударып беруге тура келеді. Бірақ баспа қазіргі таңда бұл қиыншылықты дизайнерлер мен безендірушілердің фантазиясының арқасында жеңе отырып, үздік кітаптарды дүниеге әкеліп отыр. Мысалы, «Наркомания қасіреті» атты кітапта әрбір әңгіменің басы үлкен қаріппен беріліп, ал келесі жолда ол одан кішірек, ал келесі жолда одан да кішірек қаріппен жазылған.

Мұндай тың идеяны бас көркемдеуші редактор Козлова Елена бұл баланың назарын аудар-тып, шығарманы тез оқып оған тез еніп кеткізуі үшін жасалған деп түсіндірді. Расында да бұл оң нәтиже берді, өйткені аталған кітап 80 мың данамен таралды. Бұл баспа үшін қомақты та-быс болып табылады. Кітапты безендіруде баспа дизайнерлері оның қарпіне байқағанымыздай үлкен мән береді. Көбінесе баспада дайын қаріп пайдаланылады.

«Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасы Қазақстан Республикасы Президенті Н. Назарбаев бастауымен құрылған. 2003 жылы мемле-кет Басшысы Қазақстан халқына Жолдауын-да Қазақстанның үлкен мәдени мұрасын, мемлекеттік

тілде гуманитарлы білім қорын, тарихи-мәдени және сәулет ескерткіштерін қал-пына келтіруді, ұлттық әдебиет пен жазудағы көпғасырлы тәжірибені біріктіруді зерттеудегі бірыңғай жүйе қалыптастыруға бағытталған бағдарлама жасауды бұйырды.

Бағдарламаны жүзеге асыру 2004 жылы басталған болатын және екі жылға есептелген. Кейін тағы екі кезең құрылды: 2007 жылдан 2009 жылға дейін және 2009 жылдан 2011 жылға дейін.

«Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасы мәдениетке деген мемлекеттік қозғалысын анықтаған рухани және білім беру істерінің даму саласындағы негізгі құжат, стратегиялық ұлттық жоба болып кетті. Мұншалықты үлкен жоба-ны іске асыруды ТМД елдерінің ішінде алғаш бастаған - Қазақстан.

«Мәдени мұраның» мақсаты - елдің тарихи-мәдени мұрасын зерттеу, қалпына келтіру және сақтау, тарихи-мәдени дәстүрлерді қайтару, шет елде Қазақстанның мәдени мұрасын үгіттеу.

«Аруна» баспасы да соңғы жылдары «Мәдени мұра» бағдарламасын іске асыруға ат-салысып, тендерде жеңіп алған лоттар бойын-ша бірнеше энциклопедиялық анықтамалықтар шығарды. Атап айтқанда, **«Қазақ мәдениеті»** энциклопедиялық анықтамалығында еліміздің мәдени өміріндегі оқиғалар мен құбылыстар, бейнелеу және қол өнері, театр мен кино өнері, көне заманнан келе жатқан сәулет өнері және археологиялық ескерткіштер, өнертану терминдері камтылды. Сондай-ақ мұндағы төл мәдениетіміздің дамуына зор үлес қосқан тұлғалар: сәулетшілер, суретшілер, мүсіншілер, актерлер, киногерлер, сазгерлер, әншілер, күйшілер туралы өмірбаяндық мақалалардың да танымдық-тағылымдық маңызы мол деп айта аламыз.

Ал **«Қазақ әдебиеті»** энциклопедиялық анықтамалығында қазақ әдебиетіне қатысты ұғымдар, барлық акын, жазушы, жыршы, жыраулардың, әдебиеттанушы ғалымдардың қысқаша ғұмырнамасы жүйеленді. Сонымен бірге қазақ ауыз әдебиетінің, поэзиясының сан ғасырлық тарихи даму сатыларын паш ететін ежелгі әдеби нұсқаларға, XV-XVIII ғасырлардағы жыршы-жыраулар шығармаларына, ертегі аңыздарға, батырлық, ғашықтық жыр-дастан-дарға, түркі поэзиясының нұсқаларына да назар аударылған. XVIII-XIX ғасырларда, XX ғасырдың бас кезі мен

біздің заманымызда қазақ поэзиясының, жазба әдебиетінің қарқынды өркендеуі, жетістіктері мүмкіндігінше толық әрі ашылып көрсетілген. Оқырман кітаптан қазақ әдебиетіне қатысты толық мағлұмат ала алады.

Осыдан басқа, «Аруна» баспасының **«Қазақстан тарихы»** энциклопедиялық анық-тамалығында өткен үлкенді-кішілі оқиғалар қазақ халқының мүддесіне және тарихи тағдырына қатысты жүйелі баяндалады. Кітапта түркі тай-палары құрған мемлекеттер, Қазақ хандығының тарихы, қазақ халқының өз жеріне көз алартқан жат жерлік басқыншылармен шайқастары, Ресей империясының бодандығында болған жылда-ры, тәуелсіз Қазақстанның жаңа тарихы түгел камтылған.

Назар аударарлық энциклопедиялық анықтамалықтың бірі - **«Жеріңнің аты - еліңнің хаты»**. Онда Қазақстан аумағындағы топонимдер (жер-су атаулары) тұңғыш рет толық көлемде топтастырылды. Республиканың 14 облысы бойын-ша тізілген 17 мыңнан астам табиғи нысандар мен елді мекендердің жалқы атаулары қысқаша тарихи-географиялық мол мағлұматтармен өрнектеле берілген. Кітап Қазақстан табиға-тының әсем суреттерімен безендірілген, түрлі-түсті карталармен жабдықталған.

Баспа балаларға арналған үш томдық **«Ежелгі Қазақстан мифтері»**, **«Ежелгі Қазақстан аңыздары»** және **«Ежелгі Қазақстан әпсаналары»**[2] басылымы оқырманға ұсынып отыр. Қазақ және орыс тілдерінде шыққан бұл кітаптарда ерте заманнан атадан балаға мұра болып, халық жадында сақталған, ертедегі бабаларымыздың арман-қиялынан туған аңыз-әңгімелер топтастырылған. Ежелгі Қазақстан жерінде өмір сүрген халықтардың өмірі мен мәдениетін, салт-дәстүрін баяндайтын, аты аңызға айналған жерлермен, адамдармен таныс-тыратын осынау томдарда халық ауыз әдебиеті бір жүйеге келтіріліп, балалар дүниетанымына лайықталып баяндалған. Авторы - «Алаш» сыйлығының лауреаты Орынбай Жанайдаров.

Ал **«Шығыстың ұлылары»** топтама-сы балалар мен ересектерге арналып қазақ және орыс тілдерінде шығып жатқан бұл топ-тама күні бүгінге дейін көркем әдебиетте нақтылы айтылмаған ұлы тұлғалар туралы дерек береді. Балалардың туған жеріне, халқына деген сүйіспеншілік сезімдерін

оятып, ұлы ата-бабаларының асыл мұраларын құрметтеуге бау-лиды.

Топтамада ірі тарихи оқиғалар, мемлекет-аралық қарым-қатынастар және қағандардың, батырлардың, ғалымдардың, ұлы ойшылдар мен ақындардың өмірі, іс-әрекеттері қамтылған. Атап айтқанда, бұларда атақты қолбасшы Әмір Темір, қазақ даласында исламның нығаюына зор ықпал жасаған ғұлама Қожа Ахмет Яссауи, ғұндардың алып империясын құрып, тарихта өшпес атын қалдырған тұлға Мөде қаған, аса ірі мемлекет қайраткері, қазақтың ұлы ханы Абылай, әлемдік тарихта өзіндік орнын иеленіп, есімін өшпес даңққа бөлеген толағай тұлға Шыңғыс хан, көшпелілердің көне мемлекеті - Түрік қағанатын құрған және оның бірінші билеушісі болған Бу-мын қаған және басқалардың бейнелері әсерлі сомдалып, оқырманға жол тартты.

Қазақ халқының елімен, жерімен, тари-хымен және атақты тұлғаларымен танысты-ратын 20 томдық **«Қазақстан балалар энциклопедиясы»** топтамасының алғашқы **«Ежелгі Қазақстан»**, **«Алтын Орда»**, **«Қазақ хандығы»**, **«Қазақстанның ежелгі қалалары»**, **«Қазақстанның мифтері мен аңыз-әңгімелері»** томдары жарық көрген.

Тарихи-этнографиялық тақырыпты қамти-тын мектеп жасындағы балаларға арналған қазақ және орыс тілінде жазылған 160 кітапты қамтитын **«Сен білесің бе?»** топтамасы жинақталып, толықтырылып үлкен энциклопедия түрінде жарыққа шықты. Ол жасөспірімдер әлеміне аттанып, көптеген құпиялардың сырын ашады. Көркем тілмен қысқа әрі нұсқа жазылған мәтіндер олардың ой-өрісін дамытып, Отанына деген сүйіспеншілігін оятады. Ата тарих, салт-дәстүр, мәдениетімізбен әрі ұлы тұлғалармен таныстырады.

Кішкентай балдырғандар үшін баспа-дан **«Әліпби. Анаммен оқып үйренемін»** топтамасының алғашқы **«Үй жануарлары»**, **«Қоршаған орта»**, **«Құстар»**, **«Ғажайып буын-дар»**, **«Ойыншықтар»**, **«Ата-бабам мұрасы»**, **«Әйбәт әліппе»** кітаптары жарық көрді. Бұл кітаптар 42 әріппен таныстырып қана қоймай, буынға бөлініп берілген мәтінді жаңадан оқып үйреніп жүрген балалар үшін оқу дағдысын үйренуге септігін тигізеді. Сонымен қатар өз беттерімен оқуға арналған **«33 мысал»**, **«Бақыт құсы»**, **«Қызғылықты қылықтар»** атты оқулық кітаптары да өз оқырмандарын қуанышқа бөлеуде.

Баланың оқыған кітаптарын дұрыс түсініп қабылдауына көмектесетін **«Әңгімелеу өнері»** топтамасына енген **«Ақ көбелек»**, **«Еркеме -ертегім»**, **«Туған топырақ»**, **«Наурыз көже»**, **«Бауырлар»** кітаптары да дүкен сөрелерінен өз орындарын тапты. Бұл кітаптар баланың оқыған мәтіндерінің мазмұнын өз бетімен дұрыс айтуы-на мүмкіндік туғызады.

Баланы мектепке жан-жақты дайындау -әрбір отбасы үшін жауапты іс. 5-6 жастағы балдырғандарға әріптерді тану, оқу және жаза білу қиын да қызықты. Сондықтан сауаттарын ашуға көмектесетін **«Сиқырлы әріптер»**, **«Ды-быстар әлемі»**, **«Ғажайып буындар»** кітаптары ойлау белсенділігін арттырумен қатар, әріп, ды-быс, буын, сөз, сөйлем туралы мағлұмат береді. Буынға бөліп оқуға, үзбей оқуға жаттықтырады.

«Қазақ ертегілерінің антологиясы» топ-тамасы да өз жалғасын табуда. Топтамаға ен-ген **«Өнегелі ертегілер»**, **«Ерте, ерте, ертеде...»** томдары жуық арада жарыққа шығады. Соны-мен қатар **«Ерлік ертегілер»**, **«Ертегім неткен... мұратына жеткен»** томдары жарық көрген. Бұл топтаманың негізгі өзегі адамгершілікті бағалау, тарихи тағылым және имандылыққа тәрбиелеу болып табылады. Ертегілер балалардың ой-өрісін дамытып, белсенділігін, есте сақтау қабілетін арттырады, жаман мен жақсыны ажы-ратуды үйретеді.

Баспаның жоба жоспарынан әлем ертегілері де тыс қалмаған. 2007 жылдың басында жарық көрген **«Ең қымбат нәрсе»** томына қосымша даярланған орыс халық ертегілерінің екі томдық жинақтары жарық көрді.

Балалар ақын-жазушыларының шығарма-лары, оның ішінде **«Менің әлемім»** - баланың тіліне сай жазылған жануарлар туралы өлеңдер жинағы. Олар жасөспірімдерге жануарлар әлемі туралы мағлұмат береді. Қоршаған әлеммен, табиғаттағы кездесетін жұмбақтармен таны-стырады. Ал **«Ормандағы оқиғалар»** ертегілерін қолына алған оқырман бала кейіпкердің іс-әрекетін таразылап, жақсылық пен адамгер-шіліктің сабақтарын алады.

Сонымен қатар **«Аруна»** баспасы оқулықтар, оқу бағдарламасына енген шығармаларды, көмекші құралдарды да шығарды. Оқушыларға арналған сөздіктер, оқу-әдістемелік кешендер, 5-6 сыныптарға арналған **«Қазақстан тарихы туралы әңгімелер»**, **«Ежелгі Қазақстан»**, баста-уыш сыныптар үшін **«Ақпарат мәдениетінің негіздері»**, **«Жазбаша сөйлеу»**

өнері», «Өмір қауіпсіздігін сақтау негіздері» мен жұмыс дәптерлері жарыққа шығып, Білім және ғылым министрлігінің қолдауына ие болды. «Самоучитель казахского языка» - қазақ тілін өз бетінше үйренемін деушілерге арналған көмекші құрал. Кітапқа 45 сабақ енген. Әр сабақ ауызекі сөйлесуге жетелейтін ережелермен, кестелермен, бекіту тапсырмаларымен, жаңа сөздермен және фразеологиялық сөз тіркестерімен толықтырылған.

«Аруна» баспасының оқулықтары, көмекші құралдары мен оқу-әдістемелік кешендеріне тоқталып кететін болсақ:

«Саралап деңгейлеп оқытудың педагогикалық технологиясы» топтамасы негізгі оқулыққа көмекші құрал. Бұл жұмыс дәптерлері өз бетімен білім деңгейлерін көтеруіне көп көмегін тигізеді. Оларды оқуға ынталандырады. Ойларын жинақтап, тұжырымдауға дағдыландырады. Алған білімдерін рейтинг жүйесінің көмегімен әділ бағалауға мүмкіндік береді.

Оқу - әдістемелік кешен 1-4 сынып оқушыларына арналған «Ақпараттық мәдениет негіздері» - балалардың ойлау, тұжырым жасау қабілеттерін дамыту мақсатымен информатика сабағына негіз және қалай үйрету туралы өзекті мәселелерді қарастырады. Пәнде ғылым сала-сы ретінде зерттеу ақпараттық технологияларды оқытумен негізделген. Оқу кешеніне енген әрбір бөлім белгілі бір жобаны зерттеп, оқушының өз бетінше де, топпен де жұмыс істеуіне мүмкіндік береді.

«Қоңырау» топтамасы - сапалы оқытудың жаңа әдістерін қамтып, бүлдіршіндерді мектеп-ке даярлаудың негізгі құралы. Оның мазмұны дидактикалық ойындар мен балалардың ақылойын, танымын дамытатын тапсырмаларға бай. Кешен балалардың Отан, тарих, мәдениет, ата дәстүр туралы деректермен сусындап өсуіне ықпал етеді. Отбасында да пайдалануға қолайлы осы кітаптардың тәрбиелік мәні зор.

Кешендер әліппе-дәптерден, дидактикалық материалдан, хрестоматиядан және әдістемелік нұсқаудан тұрады.

«Көркем әдебиет» бұл оқу кешені бала-ларды көркем әдебиеттің ғажайып әлеміне саяхатқа шақырады. Ертегілер, жаңылтпаштар, жұмбақтар, мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, акын-жазушылардың шығармалары оқырманды өзіне тарта түседі.

«Алақай» - орыс тілді балалардың қазақ тілін жеңіл игеруіне көмектесетін құрал. Негізгі мақсаты ауызекі сөйлеуге үйрету, дыбыс және әріптермен таныстыру. Олар танымын дамыта-тын ойындар арқылы жүзеге асырылады.

«Бейнелеу өнері» бейнелеу өнерінің оқу-әдістемелік кешені балалардың эстетикалық талғамы мен шығармашылық қабілетін арттырып, ойқиялын дамытады.

«Тіл дамытудың ғажайып әлемі» бала-лардың тілін дамыту үшін сөздік қорын байыту, дұрыс сөйлеуге, ойын толық жеткізуге дағдыландырады. Олар өлең, әңгіме, ертегі ойындар мен танымдық жаттығулар арқылы жүзеге асырылады.

«Боямақ» топтамасында әсем суреттер мен балалардың танымдық қабілетін арттыратын тәрбиелік маңызы бар ертегілер, санамақтар, өлеңдер жинақталған.

«ӨҚСН» - бұл елімізде тұңғыш рет жарық көрген *Өмір Қауіпсіздігін Сақтау Негіздері* кітабы. Кітапта баланы табалдырықтан не күтіп тұр. Тіпті үйдің ішінде қандай қауіп бар: Тазша баланың басынан кешкен оқиғалар арқылы ав-торлар осы мәселелердің алдын алуға, қауіп бола қалған жағдайда дұрыс шешім табуға үйретеді.

«Балақай» топтамасы. Бұл - бүлдіршіндерге арналып шығарылған қазақ тіліндегі танымдық кітапшалар. Топтамаға енгізілген өлеңдер, тақпақтар, жаңылтпаштар, санамақтар, қысқаша ертегілер балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып жинақталған. Топтама көркем безендірілген.

«Әй-Әй» топтамасы (картон-кітапшалар) - атына сай бүлдіршіндерді әсем әрі қанық бояуларымен, көркемдігімен, әсерлі мазмұнымен қуантады. Балалар жұмбақ дүниеге саяхат жасап, кітап әлемінің сиқырлы сырына қанық болады. Бала қоршаған ортамен танысып, көптеген сұрақтарына жауап алады.

«Сырсандық» топтамасы. Бұл топтама халық ауыз әдебиетіндегі танымал кейіпкер Алдар Көсенің басынан кешкен қызықты оқиғаларына толы. Мұндай ертегілер жақсы мен жаманды, қайырымдылық пен қатыгездікті ажырата білуге баулиды.

«Ғажайыптар әлемі» - балаларға арнап құрастырылған орыс тіліндегі хрестоматия. Бұл оқулық бүлдіршіндерді мектепке даярлау ісінде көп көмегін тигізеді. Хрестоматия ата-аналарға және тәрбиешілерге арналған. «Аруна» баспасында

көптеген кітаптар мен оқулықтар, көмекші құралдар мен оқу-әдістемелік кешен-дер жарық көрді.

1 Қазақстан баспагерлері мен полиграфистері. - Алматы: Білім, 2005 ж.

2 www.Aruna.kz

Әдебиеттер:

В статье исследуются проблемы детского книгоиздания Казахстана, роль литературы в образовании и воспитании молодого поколения. На примере анализа продукции издательства «Аруна», жанровой и содержательной моделей литературы для детей автор предлагает пути решения некоторых проблем детского книгоиздания республики. Предлагается комплексная оценка детского издания, включающего не только качество полиграфии бумаги, но и ценовую политику.

In this article we research the problems of child publishing in Kazakhstan, and the role of literature in the education and upbringing of the younger generation. By the example analysis of publishing production of «Aruna», models of genres and contents of children's literature, the author suggests ways to solve some problems of children's book publishing of the country. Proposed that a comprehensive assessment of children's publishing, which includes not only the quality of printing and paper, but also price policy.

А. Тілепберген

Авторлық құқықтың маңыздылығы

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

УДК 316.77:001.12/.18; 070:001.12/8

Аңдатпа. Бұл ғылыми мақалада, автор, авторлық құқықтың тарихына тоқталып, оның біздің өмірімізде алатын орны туралы жазған. Авторлық құқықтың біздің елде дұрыс сақталмауын, олардың аяқ асты-на тапталуын жазады. Авторлық құқық неден, қандай ережеден тұратынын толығымен түсіндіруге тырысады. Олардың қорғалуы қолға алынса екен деген арманы бар. Авторлық құқықтың сақталуы, оның орындалуы біздің елде әлі де шалыс калуда, осыны ойды жете түсіндіруге тырысқан.

Авторлық құқық. Санаткерлік меншік.

Егеменді ел болып, тәуелсіз туымыз көк аспанда желбірегеннен бастап, еліміздің рухани асыл қазыналарын көзіміздің қарашығындай қорғап, олардың қадір-қасиетін жоғалтпай, ке-лер ұрпаққа сол қалпында жеткізу - біздің басты міндеттеріміздің бірі. Елімізде тамыры тереңге жайылған көне жәдігерлеріміз аз емес. Мұның барлығы - халқымыздың теңдесі жоқ рухани байлығы, ұлттық мұрасы.

Қай кезде де болмасын, әр туындының өз авторы, яғни, иесі болғаны хақ. Сонау бағзы за-манда, автордың туындысына қатысты қандай да бір дау-дамай туа қалса, сол дауды тез арада сол елдің билері шешіп отырған. Осы сияқты қазіргі таңда да автордың құқығын жерге таптат-пай, мемлекеттік іс жүзінде, түрлі заңнамалық акт ретінде қарастырып келеді. Қазақстан Рес-публикасы қолданысындағы заңнамада автор-лық құқықты деп автордың мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтары түсініледі. Ал автор - өз кезегінде шығармашылық

еңбе-гімен ғылым, әдебиет, өнер туындысын жа-саған жеке тұлға, олардың бәрі міндетіне, мазмұнына және қасиетіне олардың білдіру әдістері мен нысандарына байланысты емес, зияткерлік меншіктің объектілері бо-лып саналады. Қазақстан Республикасында авторлық Қазақстан Республикасының Конс-титутциясымен, Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 971-984 баптарымен, Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 10 маусымдағы N 6-І «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Заңымен (бұдан әрі - Заң), 1942 жылғы 6 қыркүйектен Дүниежүзілік (Женева) авторлық құқықтар туралы Конвен-ция нормаларымен (Қазақстан оны бұрынғы КСРО-ның халықаралық міндеттемелерін және келісімшарттарын заңды мұрагері ретінде таныған болатын), 1996 жығы желтоқсанның 20-нан авторлық құқықтар және орындау және фонограммалар бойынша Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымының Женевадағы келісім шарттың